

Киелі Нұраның топырағында туып, саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ақын жерлесіміз Зейнолла Игілікулы маңдайына біткен қиыншылықты қара нардай көтере білген азамат еді. Ол солақай саясаттың сойқанымен қуғынға түсіп, талай теперішті көрген. Туған жері мен елінің бодауына өзінің жастық шағын құрбан өткен ардақты ағаның арамыздан кеткеніне биыл 22 жыл толмақ. Зобалаң жылдардың тауқыметімен жазықсыз жапа шеккен оның жат жерде жүрсе де ешқандай қысымнан қаймықпай жазған жыр-өлеңдері, өсиет етіп қалдырған сөздері көп.

